

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау
органдары Комитеті кеңейтілген отырысының
№ VIII- I-30 Хаттамасы**

2023 жылғы 26 маусым
с.12.00

Астана қ.
701 каб.

Төрағалық еткен: Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитетінің төрағасы Лукин А. И.

Қатысқандар: Комитет мүшелері Лукин А.И., Бекназаров Н.Қ., Арғынбекова А.С., Больгерт Е.А., Қадырбек М.Б., Медебаев С.Т., Тастекеев Қ.Қ., Толамисов А.Ғ., бөлім меңгерушісі Жұмабекова Г.Х., тізім бойынша.

Бірінші сұрақ:

1. «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларын қызметінен сайлауға ұсынылған кандидатураларды талқылау туралы».

Баяндамашы: Лукин А. И.

Шешім: Шешім: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы негізінде, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 22-бабы, 3-тармағын және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 69-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасына, 82-бабының 1- тармағына және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 31-бабы 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 26 маусымдағы ұсынуы негізінде келесі кандидаттарды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау туралы ұсыным жасалсын:

1. Айтжанов Ерлан Жумаханович;
2. Альжанов Габит Умирханович;
3. Исамберлиева Гулмира Газизқызы;
4. Космуратов Ерлан Смадиярович;
5. Курманғалиев Нурлан Каскенович.

Комитет Төрағасы

А. ЛУКИН